

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



*Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым*



**АДИЛОВА  
ТОРГУН  
ҚАРТАБАЕВНА**

*Қарағанды қаласы  
КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»  
II-санатты тәрбиеші*

**V00063**

**30.09.2020 ж**

**2**

**0**

**2**

**0**

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

**30.09.2020 ЖЫЛ | № TV00063**

**Білім беретін, ғылыми,  
танымдық, жарнамалық басылым**

-----  
МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы  
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Редактор: Нагиев И. Б.  
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

-----  
«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың  
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.  
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

-----  
Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Күәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

-----  
Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

## **Қарағанды қаласы КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы» II-санатты тәрбиеші: Адилова Торгун Картабаевна**

### **Бала тәрбиесіндегі ойынның ролі**

Бала психикасының дамуындағы басты фактордың бірі – оның өзіндік танымын дамыту, оған үнемі көңіл аудару. Баланың жан-дүниесімен сырласу арқылы еркелетіп, нәзіктік сезімге бөлеу арқылы оның бойында ұнамды қылық пен жағымды мінез-құлық қалыптастыру, сөйтіп жас ұланның маңындағы адамдардың оның түлеп өсуіне пайдалы әсер етуіне жету керек. Көңілі көтеріңкі бала өзі істеген әрекеттерді сенімділікпен орындайды, шаттық сезімге бөленеді. Ойын әрекетінде балалардың бойындағы барлық дерлік психикалық ерекшеліктері көрініс беріп, ерік-жігер қасиеттері шыңдалады, мінез-құлық сипаттары айқындала түседі, ішкі дүниенің сыры ашылады, бала психологиясының өзіндік ерекшеліктері байқалып, олармен оқу-тәрбие істерін жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану мүмкіндіктері туады. Бала әр қилы нәрселерге еліктеп, өз бойындағы сезім мен қабілет ерекшеліктерін аңғартады. Оның мінезіндегі ұнамсыз қылықтар мен жағымсыз көріністер байқалып, ондай кемшіліктерді жөндеудің әдіс-тәсілдері белгіленеді.

Ойынның түрлеріне тоқталатын болсақ,

1. ***Дидактикалық ойындар.***
2. ***Рольді-сюжетті ойындар.***
3. ***Драмалық ойындар.***
4. ***Творчестволық ойындар.***

Осылардың ішінде дидактикалық ойындардың маңызы зор. Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолданатынын күні бұрын сабақ мазмұны мақсатына сай лайықтап таңдап алғаны жөн. Өйткені балалар үшін ойын қызықты әрекет бола отырып, оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады.

Ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып, тәрбиеші балаларды ойнауға, А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда «Жақсы ойын» жасауға үйретеді. Мұндай ойынға мынадай сапа тән: мазмұнның тәрбиелік – танымдық құндылығы, бейнеленетін түсініктердің толықтығы мен дұрыстығы; ойын іс-әрекеттерінің орындылығы, белсенділігі, ұйымшылдығы және шығармашылық сипаты; жеке балалардың және барлық ойнаушылардың мүдделерін ескере отырып, ойында ережелерге бағыну және соларды басшылыққа ала білуі ойыншықтар мен ойын материалдарын мақсаткерлікпен пайдалану, балалардың қарым-қатынастарының игі тілектестігі және көңіл-күйлерінің шаттығы.

Ойынды басқара жүріп, тәрбиеші баланың жеке басының ерекшелігіне: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды, ойынды ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады.

Ойын процесінде балалар білімі мен ұғымы айқындалып, тереңдей түседі. Ойында қайсы бір рольді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетіне көшіруге тиіс. Кейде адамдардың еңбегі туралы нақты іс-әрекеттер, өзара қарым-қатынастар туралы білімдер мен түсініктер жетімсіз болып шығады да, соларды толықтыру қажеттігі туады. Жаңа білім қажеттігі балалардың сұрақтарынан көрінеді. Тәрбиеші сол сұрақтарға жауап қайтарады да, олардың ойын кезіндегі әңгімелеріне құлақ түреді, ойнаушылардың өзара түсінісуіне, келісуіне көмектеседі.

Демек, ойын балалардың соған дейінгі білімдері мен түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге белсенді: таным іс-әрекетінің өзінше бір формасы болып табылады; соның барысында олар оқытушының басшылығымен жаңа білім меңгереді.

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді – адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойында бөлме, теңізде, метро станциясы да, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар жағдайға ойынның өздері ойлаған түпкі ниеті мен мазмұнына лайықты маңыз береді. Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі – оның өз әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстарын бейнелейді, оларға өзінің қатынасын білдіреді.

Балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті жалғыз болғанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп жүреді, ойында қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі, өзі мен мамасы үшін, науқас кісі мен дәрігер үшін сөйлейді. Сөз нақ бір ойын әрекетін сүйемелдеуші болып табылады, бейнені оған баланың өз қатынасын толығырақ ашады.

Ойын барысында сөйлеу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойында сөзбен уәделесу ұйымдастырушылық қызмет атқарады, балалар арасында өзара түсінісу мен достықтық, қоршаған өмірдік қайсы бір фактілері мен құбылыстарына бірдей көз қарастық пайда болуына және дамуына көмектеседі.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар:

- \*ойынның түпкі ниеті;
- \*сюжетті немесе мазмұны;
- \*ойын әрекеттері, рольдер;
- \*ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі.

Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойынды балалардың өзінше бір іс-әрекеті ретінде көрсетеді.

**Ойынның түпкі ниеті** – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы, мәселен: «Дүкен», «Емхана», «Қызы мен шешесі», «Балалар бақшасы» және т.с.с. болып ойнау. Ойынның түпкі ниетіне қарай ойындарды азды-көпті мынадай типтік топтарға бөлуге болады:

- а) Тұрмыстық құбылыстарды бейнелейтін ойындар;
- ә) Жасампаз еңбекті бейнелейтін ойындар;
- б) Қоғамдық оқиғаларды, дәстүрлерді бейнелейтін ойындар.

Ойындарды бұлай бөлу, әрине, шартты ғана, өйткені ойын өмірдің алуан түрлі құбылыстарын бейнелеуді қамтуы мүмкін.

**Ойынның сюжеті, мазмұны** – бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын көп жақтығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе, ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға деген ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойынның құрылымдық ерекшелігі мен түйіні бала атқаратын роль.

Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасын анықтайтын және реттейтін ереже белгілейді. Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді, оның мазмұнын баянды етеді. Сонымен бірге ойын ережесі жасқаншақ, ұялшақ балалардың ойынға белсендірек қатысуына көмектеседі.

Ойынның осы құрылымдық элементтерінің бәрі азды-көпті типтік болып табылады, бірақ олардың түрлі маңызы бар және әр түрлі ойындарда түрліше ара қатынаста болады.

Ойын бала үшін – нағыз өмір. Ойынның мазмұнының өрістеуі балалардың қоршаған өмірден алған әсерлерінің байлығына, жарқындығына, айқындығына байланысты.

Оларды күрделі құбылыстарды көрсете отырып, тәрбиеші олардың назарын үйлердің жалпы көрінісіне аударады, архитектуралық ерекшеліктерінің өз мақсатына үйлесімділігін ашады, жеке бөліктерін саралап білуге үйретеді, симметрияны, контрасты көрсетеді. Балаларды сондай-ақ, жалпы, негізгі бөліктерді т.б. ажырата білуге үйретеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойынның зор маңызы бар: ойын олар үшін – сабақ, ойын олар үшін – еңбек, ойын олар үшін – тәрбиенің маңызды түрі.

\* \* \* \* \*

**Қарағанды қаласы. КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»  
II-санатты тәрбиеші: Адилова Торгун Картабаевна**

**Білім беру салалары:** шығармашылық, әлеумет.

**Бөлімі:** сурет салу.

**Тақырыбы:** Қызыл телпекті қыз.

**Мақсаты:** ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелеуге жаттықтыру.

**Міндеттері:**

**білімділік:** ертегі кейіпкерлері, қарым-қатынастары туралы білімдерін нақтылау;

**дамытушылық:** ертегі желісі бойынша кейіпкерлер бейнесін бере білу дағдысын қалыптастыру;

**тәрбиелік:** балаларды қайырымды, көпшіл болуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер: жасайды:** нұсқау бойынша өздігінен әрекет етіп, қызыл телпекті қуыршақ суретін сала алады;

**түсінеді:** мейірбан болуды, бір-біріне достық қарым-қатынаста болуды, келген қонақты ренжітпеу керектігін;

**қолданады:** басқаларға көмектесіп, суреттегі кейіпкерді дұрыс орналастырып, қажетті түстерді үйлестіруді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен қажетті құрал-жабдықтар:** үлгі ретінде үлкен көлемдегі Қызыл телпектің суреті, қарындаш, қылқалам, акварель бояуы, № 2 жұмыс дәптері.

**Көптілділік:** Қызыл телпек – Красная шапочка – Little Red Riding Hood.

**ҰОҚ-нің барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Жағдаятты сомдау: Қонаққа әже келеді. Әже топ балалармен, педагогпен амандасады.

**2. Негізгі кезең. Әже:**

–Балалар, мен үлкен жолдан келе жатырмын. Сендерді өте өнерлі балалар деп естідім. Сендерге бір өтінішім бар еді. Кіші немере қызым қызыл телпекті қуыршақ әкеліп беруімді сұраған еді. Барлық дүкендерді аралап шығып, таба алмадым. Сендер маған көмектесе аласыңдар ма?

Педагог балаларға әженің немересінде бір ғана емес, өте көп қызыл телпекті қуыршақ болатынын түсіндіріп, қызыл телпекті қуыршақ суретін салуды ұсынады.

Педагог нұсқау ретінде қызыл телпектің үлкен етіп салынған суретін балалардың алдарына қояды.

Алдымен қызыл телпекті қызымыздың басын, денесін, қолдары мен аяқтарын салып аламыз, ең маңыздысы, қызымыздың телпегін қызыл түске бояуды ұмытпағанымыз жөн.

Педагог көптілділік компонент бойынша Қызыл телпек – Красная шапочка – Little Red Riding Hood ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, ісәрекетте нақтылап, қайталап отырады.

### **Сергіту сәті**

Біз кішкентай баламыз

Өсіп-өніп толамыз,

Көкке қарап, талпынып,

Күнге қолды созамыз.

Қанат қағып ұшамыз,

Қарлығаштай қалықтап, Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық.

Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. **3.**

### **Рефлексия**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады.**

Педагог балаларды мадақтайды. Балалар жұмыстарына қарап, баға береді.

Салынып біткен суреттер әжеге жиналып беріледі. Балаларға риза болған әже оларға өз қолымен жасаған құртын таратады. «Немерем қуанатын болды», – деп балалармен қоштасып, үйіне қайтады. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.

\* \* \* \* \*

**Қарағанды қаласы. КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»  
II-санатты тәрбиеші: Адилова Торгун Картабаевна**

**Бөлімі:** ҚМҰҚ.

**Тақырыбы:** Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру.

Сол жағында, оң жағында.

**Мақсаты:** қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.

**Міндеттері:**

5. цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;
6. қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында);
7. көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту;
8. жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер: біледі:** 1-ден 5-ке дейінгі цифрларды, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін (көктем, жаз, күз, қыс);

**түсінеді:** цифрды заттың санымен сәйкестендіруді; **қолданады:** цифр мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табуды.

**Қажетті көрнекі құралдар:** цифрлар карточкасы, демонстрациялық материал (№2 кесте), көктем көрінісінің суреті, № 2 жұмыс дәптері.

**Билингвальді компонент:** сол жақ – слева, оң жақ – справа.

**ҰОҚ-нің барысы**

**1- Ұйымдастыру кезеңі.**

«Цифрды тап» ойыны.

Педагог балаларға цифрды көрсетеді және оның қандай цифр екенін сұрайды.

**2- Негізгі кезең.** 1-тапсырма.

Педагог сұрақ қояды:

–Қоянның неше сәбізі бар?

–Тиіннің неше саңырауқұлағы бар?

–Себетте қандай сан жазылған? Педагог себетті төрт заты бар аңмен сызық арқылы қосуды сұрайды (тиінмен).

Нақтылайды:

–Неліктен тиінмен қостыңдар? 2-тапсырма.

Педагог сол жақтағы цифр қандай санды көрсетіп тұрса, жолақтың ішіне сонша заттың суретін салуды тапсырады. Педагог орындалған тапсырманы тексереді және мынадай сұрақ қояды:

– 5, 4, 3 цифрларының қасына неше заттың суретін салдыңдар? Себебін түсіндіріп беріңдер.



### **Сергіту сәті.**

Ақ қоян-ау, ақ қоян,

Ұзын құлақ сақ қоян.

Қаша берсең орманға, «Қорқағым» деп ат қоям. 3-тапсырма.

Педагог оң қолына қоянның, сол қолына тиіннің ойыншығын ұстап тұрады. Балалардан тиін мен қоянды қай қолына ұстап тұрғанын сұрайды. Содан соң теріс қарап, балаларға арқасын беріп тұрады және ойыншықтардың қай қолда тұрғанын табуды сұрайды.

Осыдан қорытынды жасайды:

–Егер адам сендерге қарап тұрса, оның «оңы» сендердің «сол жағың» болып табылады.

Педагог балаларға тапсырманы дәптерге орындау керектігін айтады. Содан соң сұрайды:

–Бала бетімен қарап тұр ма, әлде арқасын беріп тұр ма?

–Оның «оң жағы» қайсы, «сол жағы» қайсы?

–Жалауша оның қай қолында?

–Шар баланың қай қолында?

Педагог баланың оң қолындағы затты көк қарындашпен бояуды тапсырады. Демонстрациялық материалдың №2 кестесі бойынша тақырыпты бекіту және қайталау. 4-тапсырма.

Педагог суреттегі жыл мезгілін тауып, оны сәйкестендірулерін сұрайды. Оны бояп, ал артық суретті қоршап сызуларын тапсырады.

Балалардан сұрайды:

–Алма салынған себетті неліктен сызып тастадыңдар?

–Қандай суреттерді боядыңдар және неге?

–Көктемнің тағы қандай белгілерін білесіңдер?

### **3. Рефлексия.**

Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.

Балалардан сұрайды:

–Кім өз тамағын себетке салды?

–Мен сендерге қарап тұрмын. Менің «сол жағым» қайсы, «оң жағым» қайсы?

Педагог балаларды мадақтайды.

\* \* \* \* \*